

Мемлекеттік мүлікті берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 222 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес республикалық мүлік заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитетімен бірлесіп, осы қаулыға қосымшада көрсетілген мүлікті қабылдау-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 20 сәуірдегі
№ 222 қаулысына
қосымша

"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге республикалық меншіктен берілетін мемлекеттік мүліктің тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны дана	Түгендеу нөмірі	Пайдалануға берілген күні (ай, жыл)	Орналасқан жері
1	Бағдарламалық қамтылыммен жиынтықта HP GR 742 EA Compaq 6820 компьютері	дана	1	236006000036	30.12.2008	Нұр-Сұлтан қ.
2	Штативі бар фотоаппарат	дана	1	236006000037	30.12.2008	Нұр-Сұлтан қ.
3	Карточкалы принтер SP75 PLUS	дана	1	236006000038	30.12.2008	Нұр-Сұлтан қ.
4	Электрондық қолтаңбаны енгізу құрылғысы	дана	1	236006000039	30.12.2008	Нұр-Сұлтан қ.

5	Қауіпсіздік құлыптары	дана	1	236006000040	30.12.2008	Нұр-Сұлтан қ.
6	Evolis Primacy Lamination ламинаторы, екіжақты , U S B & E t h e r , S10108 ISO Dual HiCo/LiCo кодтаушы магниттік жолағы бар PM1H0000RSL0+PMY1-KTDS принтері	дана	1	236008000052	26.12.2018	Нұр-Сұлтан қ.
7	300 карточка үшін Evolis PL принтеріне арналған толық түсті картридж (түсті таспа)	дана	10			Нұр-Сұлтан қ.
8	Магниттік жолағы бар карточка	дана	3 632			Нұр-Сұлтан қ.
			3 648			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК